

Құрылтайшы:
«ҚҰҚЫҚТЫҚ МИССИЯ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ПРАВОВАЯ МИССИЯ»
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

Founder:
PUBLIC FOUNDATION «LEGAL MISSION»
INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN
Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал
Международный научно-популярный журнал
International popular-science journal

№3(58) 2018

Филология
Журналистика

Астана 2018

Қалқабаева С. Ә. ӘДЕБИЕТТЕГІ АДАМГЕРШЛІК МӘСЕЛЕСІ	157
Әбдікалық К.С., Дәуітұлы Т., Қожекеева Б.Ш. ӘЗІЛБЕК КІНӘЗБЕКҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ (СЕЗІМ СУРЕТТЕРІ) СУРЕТКЕРЛІК	160
Қоңыратбаева Ж.М., Рзабекова А.С ЭРГОНИМИЯ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ	163
Қоңыратбаева Ж.М СОЛТҮСТІК Өңірлердегі ономастикалық кеңістік ахуалы	167
Ниязова Ф. М. КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ҚЫЗ БҰРЫМЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ	171
Оспанқұлова Ш.А., Есембеков Т.О. Ш. АЙТМАТОВТЫҢ «БОРАНДЫ БЕКЕТ» РОМАНЫНДАҒЫ ДЕЙКСИСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ	175
Рамазанова Ш., Мекебаева Л., Абдрахманова Ж. АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ҺӘМ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ	178
Акимбекова Г. Ш., Байелі Ә. Ж. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢҒЫРУ МЕН ЖАҢАРУ	182
Seitova M. THE EUROPEAN PORTFOLIO FOR STUDENT TEACHERS OF LANGUAGES (EPOSTL): BACKGROUND AND FORMAT	189
Бисенбаев П., Солтанаева Е. «КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ» ЖЫРЫ: НҰСҚАЛАРЫ МЕН ТАРИХИЛЫҒЫ	192
Тілеуова А. З. ҚАЗАҚТЫҢ АРНАУ ӨЛЕНДЕР ЖАНРЫ.....	197
Томанова Н. М., Алдабергенқызы Л. ЛИРИЧЕСКАЯ ЭКСПЛИКАЦИЯ МОТИВА ПРОНИКНОВЕНИЕ В ПОЭЗИИ БАХЫТА КАИРБЕКОВА	201
Tuyakbayeva R.R., Khassenova R.T. APPLICATION OF ABBREVIATED WORDS IN KAZAKH MASS MEDIA	206
Zhaksylykkyzy K. WAYS OF TRANSFERRING OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN TRANSLATIONS	209
Абдирасилова Г. Қ. СӨЗЖАСАМ ҚОСЫМШАЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСТЫҚ ТІЛДЕ ӨМІР СҮРУ СИПАТЫ	213
Akeshova M. M., Mirzahmetov M. K. TO THE PROMLEM OF TRANSLATING ENGLISH PHRASEOLOGICAL UNITS	217
Ахметжанова А.И., Сагатова С.С. ИСТОРИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ЦИВИЛИЗАЦИИ ЕВРАЗИЙСКИХ СТЕПЕЙ.....	219
Болатова Г.Ж., Иманалиев Ж.О. ӨУЕЗОВТАНУДЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ	225
Жұмабаева Г. С., Даумова А. К. «ДӨҢ АСҚАН» РОМАНЫНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ.....	229
Калжанова Э.Ш. КӨНЕ ҰЙҒЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТАБЫЛУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	232

Болатова Г.Ж.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.д.,
Алматы қ., e-mail: Gulzhan5055@mail.ru

Иманалиев Ж.О.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.к.,
Алматы қ., e-mail: Jalgas73@mail.ru

ӘУЕЗОВТАНУДЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

***Аңдатпа.** Мақалада автор қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен бір саласы болып табылатын әуезовтанудың қалыптасу, даму тарихына және қазіргі тенденцияларына тоқталады. Мақала авторы өзіне дейінгі майталман ғалымдардың еңбектеріне сүйене, өз пікірін түйіндеп, ғылым саласының алдында тұрған өзекті проблемаларды және оларды шешу жолдарын көрсетеді.*

***Түйін сөздер:** Әуезовтанудағы жаңа концепциялар, әуезовтану контексіндегі абайтану, М.О.Әуезовтің поэтикасы, әуезовтанудың лингвистикалық аспектілері, әуезовтанудағы салыстырмалы-типологиялық контекст, әуезовтанудағы тарихи-әлеуметтік контекст.*

***Аннотация.** Автор в статье приводит классификацию этапов развития аuezоведения как одно из важнейших направлений в современном литературоведении, классифицирует развитие сегодняшних тенденции. Аuezоведение как особое научное направление в процессе своего становления прошло значительный путь. Автор статьи основываясь на многочисленных трудах известных аuezоведов, дает свою оценку основным проблемам в этом научном направлении, а также предлагает свои варианты их решений.*

***Ключевые слова:** новые концепции в аuezоведении, абаеведение в контексте аuezоведения, поэтика М.О.Аuezова, лингвистические аспекты аuezоведения, сравнительно-типологический контекст в аuezоведении, историко-социальный контекст в аuezоведении.*

***Annotation.** In this article the author categorizes the stages of the development of Auezov-study as one of the most important directions in modern literary criticism, classifies the development of today's trends. The author of the article, basing on the numerous works of well-known Auezov-researchers, gives his assessment of the main problems in this scientific direction, and also offers his variants of their solutions.*

***Key words:** new concepts in Auezov-studies, Abay-studies in the context of Auezov-studies, poetics of M. O. Auezov, linguistic aspects of Auezov-studies, comparative-typological context in Auezov-studies, historical-social context in Auezov-studies.*

Әуезовтанудың ілкі бастаулары өткен ғасырдың 20-жылдарына тура келеді. 30-жылдар тұсында суреткер драматургиясы туралы шамамен алпысқа жуық әдеби сын зерттеулер мен мақалалар жарияланды. Әуезовтанудың іргетасын қалаушылар сол кезеңдегі қазақтың маңдайына біткен ірі жазушылары: С.Мұқанов, Ф.Мүсірепов, М.Қаратаев, Ә.Тәжібаев, Б.Кенжебаевтар болды. Олардың еңбектерінде қазақ халқының рухани мәдениетін жарыққа жетелеген суреткер ретінде М.О.Әуезовтің еңбек жолы кеңінен қарастырылды.

Бұл игі дәстүрді З.Кедрина, К.Нұрмаханов, А.Нұрқатов, З.Ахметов, Л.Әуезова, З.Қабдолов секілді ғалымдар жалғастырды. Аталған зерттеушілердің көзқарастары негізінен жазушы шығармаларының историзмі, оның прозасының поэтикалық тілі принциптеріне негізделді. М.О.Әуезовтің көркем прозасын зерттеген бұл ғалымдардың басты назарында тұрған дүние, мамандардың айтуынша, «Абай жолы» эпопеясы болды. Эпопеяны зерттеуге осыған дейін 500-ге тарта ғылыми зерттеу еңбектерінің жазылғаны да сөзімізді растайды.

М.О.Әуезов өмірі мен шығармашылығын және роман-эпопеяның ұлттық ерекшелігін қарастырған алғашқы зерттеушілердің арасында Л.Әуезованың еңбектері жаңалық ретінде ерекшеленіп тұрды. Ол историзм принципін М.О.Әуезовтің көркем прозасы негізінде қарастырды. Эпопеяның ұлттық-мәдени маңызы туралы С.Мұқанов, Ф.Мүсірепов, М.Қаратаев, З.Ахметов, тағы басқалар жазды.

Роман поэтикасының негізгі заңдылықтары жайлы жан-жақты әрі егжей-тегжейлі пікір өрбіткен З.Ахметов болды. Ол өзінің «Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете ее создания» атты еңбегінде тарихи романның ұлттық-мінездік тұстары, ең алдымен, халық рухының, оның ұлттық психологиясының өте дұрыс суреттелгендігімен, кейіпкерлердің ұлттық мінез ерекшеліктерінің толық ашылуымен сипатталатынын айтты [1, 43-44 бб.].

Әуезовтанудың маңызды басқышын бастап берді деп Мұхтар Әуезовтің 80 жылдығына дайындық пен оны тойлауды атап көрсетуге болады (1977). Бұл кезде 600-ден астам ғылыми еңбек жарияланды, жазушының 16 томдық шығармалар жинағы, одан кейін қазақ тілінде суреткер шығармаларының 20 томдық толық академиялық жинағы, орыс тілінде 5 томдық шығармалар жинағы баспаға әзірленді.

Қайта құру жылдарында және 90-жылдары тәуелсіздікке қол жеткізілгеннен кейін ұлттық сана-сезімнің күрт өсуіне байланысты әуезовтану ғылымында да үлкен бетбұрыс болды. Әуезовтану ғылымы алуан түрлі көзқарастармен толықты. Бұл кезде айтылған тәуелсіз пікірлер алдыңғы зерттеулердің құнын кеміткен жоқ, керісінше М.О.Әуезов туындыларының құндылығын жаңа қырынан көрсете түсті.

Ұлы жазушының өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісінде академик З.Қабдолов көп тер төкті. Ол суреткер шеберлігінің ауыз әдебиеті үлгілерімен, халық сөз өнерімен тығыз байланысып жатқан көп қырларын ашып көрсетті. Ғалымның ғылым жолындағы қызметінде басты зерттеу проблемасы әуезовтану болғанында дау жоқ. Еңбектерінің бір арнасы толысқан тұста З.Қабдолов өз ұстазына арнап роман-эссе жазды. Аса ауқымды тарихи кезеңнің кемеңгері ретіндегі Абай мен прозаның хас шебері ретіндегі М.О.Әуезовтің байланыстары жөнінде З.Қабдолов былай дейді: «Тек Абай поэзиясы мен М.Әуезовтің прозасы мен драматургиясына қараудың өзі жер бетінде қазақ деп аталатын халықтың барын, оның қандай халық екендігін, нендей ұлттық ерекшеліктері барын, тұрмыс-тіршілігін білуге жеткілікті. Екі ұлы тұлғаның шығармалары халықтың бүкіл қасиеттерін тасқа басылған таңбадай көрсетеді» [2, 287-б.].

Жазушының көпқырлы шығармашылығының түрлі аспектілері, оның қазақ әдебиеті тарихы мен әдебиеттану ғылымындағы орны С.Қирабаев еңбектерінде кеңінен қарастырылды.

М.О.Әуезов шығармашылығының көркемдік-идеялық негіздерін Б.Шалабаев зерттеді.

Қазіргі әуезовтану ғылымының басты бағыттары М.Мырзахметов, Ж.Дәдебаев, Т.Жұртбай, Қ.Сыздықовтардың тірек еңбектерінде көрсетілді. Олар негіз қалаған ғылыми идеялардың ғылымның осы саласының дамуында үлкен маңызға ие.

Зерттеуші М.Мырзахметов «Әуезов және Абай» атты монографиясында әуезовтану ғылымының төмендегі маңызды бағыттарын атап көрсетеді:

1) М.О.Әуезов және әлем әдебиеті; 2) М.О.Әуезов мұраларының текстологиясы; 3) М.О.Әуезовтің эпистолярлық туындылары; 4) М.О.Әуезовтің өмірі, әдеби және ғылыми шығармашылығы, қоғамдық және тарихи қызметі жайындағы естеліктерді жинау және жүйелеу; 5) М.О.Әуезовтің әдеби ортасы;

б) М.О.Әуезов шығармаларындағы Абай мұралары.

Белгілі ғалым М.Мырзахметовтің жүйелі жұмыс атқарғанынан бергі уақытта әуезовтану жаңа қарқын алды, оған жаңа әрі болашағы зор бағыттар келіп қосылды. Олар: а) әуезовтану контексіндегі абайтану; ә) жазушы шығармаларының поэтикасы; б) әуезовтанудың лингвистикалық аспектілері; в) әуезовтанудың салыстырмалы-типологиялық контексі; г) қазіргі әуезовтанудың тарихи-әлеуметтік контексі; ғ) қазіргі әуезовтанудағы этномәдени бағыт; д) ғылымның рухани-философиялық аспектілері; е) көркем аударма; ө) қазіргі әуезовтанудың психологиялық-педагогикалық аспектісі [3, 192-197 бб.].

Бұған әуезовтану ғылымындағы тағы бір маңызды бағытты қосуға болады, ол — М.О.Әуезов қазақшалаған орыс және әлем әдебиеті үлгілерінің қазақ тіліндегі көркем аудармаларына баға беру және талдау жасау.

Профессор Н.Сағындықова М.О.Әуезовтің көркем аударма саласындағы еңбектерін зерттеу қажеттігін айтады [4, 177-178 бб.]. Зерттеуші Қ.Алпысбаев өз ізденістерінде отандық аударматану проблемаларына қазіргі әуезовтану ғылымы тұрғысынан баға береді. Ол жазушының аударма шеберлігі мен көркем аударма саласындағы негізгі жұмыстарын талдай келе: «Жазушының өзі аударған барлық аудармаларында басшылыққа алып отырған басты принципі аударылып жатқан шығарманың стилін бұзбау және мазмұнын өзгертпеу болды» [5, 48-б.], — дейді.

«М.О.Әуезовтің шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі» атты диссертациялық зерттеу еңбегінде Т.Жұртбай жазушының өмірі мен шығармашылық психологиясы аса қиын кезеңде, қарама-қайшы өмірлік және саяси жағдайларда, үш қоғамдық формацияның түйіскен тұсында қалыптасқанын, кемеңгер жазушының әлемдік деңгейде танымал болуына қарамастан, оның өмірінен дерек беретін кейбір мәліметтер таяу күндерге дейін субъективті көзқарас тұрғысынан ғана бағаланғанын немесе кейбір жағдайларда жабық тақырып болғанын айтады.

Т.Жұртбай әуезовтану ғылымы дамуының тарихи кезеңдеріне ерекше назар аударды. Оның жіктеуі бойынша, әуезовтану ғылымы 1917 жылдан, яғни М.О.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасының

қойылымын қаламгер замандастарының талдап баға беруінен бастау алады да, үш даму басқышынан тұрады. Ғалым, сондай-ақ бүгінгі таңда М.О.Әуезов өмірі мен шығармашылығы туралы 3350-ден астам монография және мақалалар жазылғанын айтады [6, 3-5 бб.].

Бүгінгі әуезовтану ғылымында төмендегі бағыттарға басымдық беріліп жатыр.

1. Әуезовтану контексіндегі абайтану. Бұл бағытқа арнап М.Мырзахметов, Ж.Дәдебаев, Т.Жұртбай секілді ғалымдар біраз еңбектер жазды. Бұл бағыттың басты міндеті Абай әдеби мұрасының М.О.Әуезов көркемдік дәстүріне ықпалын, жазушының жекелеген мотивтерді, образдарды көркем пайдалану әдістері мен формаларын, сондай-ақ ұлы ақынның гуманистік, философиялық және әлеуметтік идеяларының М.О.Әуезов туындыларындағы шығармашылық жалғасын зерттеу болып табылады. Жазушының ақын дәстүрлерін жалғастыруы негізгі мотивтердің, образдар мен идеялардың үндестігінде кеңінен көрініс табады. Жоғарыда есімдері атап өтілген абайтанушылардың бірқатар еңбектерінде роман-эпопеяның тарихи және ойдан шығарылған орталық образы құрылымындағы қатынас және Абайдың этикалық, философиялық және гуманистік ойларының М.О.Әуезов прозасында көркем жинақталуы кеңінен зерттеледі.

2. Жазушы прозасының поэтикасы — бүгінгі таңда әуезовтану ғылымының біршама жүйелі зерттелген бағыттарының бірі. Мұнда суреткердің көркемдік әлемі түрлі ұстанымдар тұрғысынан әрі көпәспектiлi тұрғыдан қарастырылады. Зерттеулердің осы саласына Т.Кәкішев, Ж.Ысмағұлов, Б.Мамыраев, Б.Майтанов, Т.Есембеков, А.Ысмақова, Қ.Әбдезұлы, Ө.Әбдиманов, Өтебеков, С.Негимов, З.Бисенғали, К.Сыздықов, З.Сейтжанов, Қ.Ергөбек, Г.Пірәлиева, Т.Жолдасова, С.Майлыбаева секілді ізденушілердің еңбектерін жатқызуға болады.

Роман-эпопеядағы көркемдік ритмге С.Негимов көп мән берді. Өзінің біраз ғылыми мақалаларында ғалым «Абай жолы» роман-эпопеясының көркемдік әлеміне жіті назар аударады.

М.О.Әуезов шығармашылығындағы ауыз әдебиеті мотивтерін З.Сейтжанов жан-жақты зерттеді. Ғалым ұлы туынды құрылымындағы ауыз әдебиеті элементтерін зерттеп, роман-эпопеяның фольклорлық негіздеріне үңілді.

3. Қазіргі әуезовтанудың лингвистикалық аспектілері жазушы көркемдік әлемі мен оның тілдік тұлғасын зерттеген М.Серғалиев, Ж.Манкеева, Р.Әміренова, Г.Рахымжанова, К.Сандыбай, Ж.Өмірәлиева сияқты ізденушілердің еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. Аталған зерттеушілер суреткер тілдік тұлғасының қалыптасуына фольклордың ықпал деңгейін айқындап, жазушы тілін жалпыұлттық тілдің даму тарихы контексінде зерттеді, М.О.Әуезов тілінің өзіндік көркемдік-стильдік ерекшеліктерін ашып көрсетті.

4. Әуезовтанудағы салыстырмалы-типологиялық контекст — М.О.Әуезов шығармашылығының басқа жазушылардың шығармашылығымен салыстыра отырып ұлттық-көркемдік ерекшеліктерін айқындайтын немесе жекелеген туындылардың сол туынды жазылған жанрадағы өзге шығармалармен салыстырғандағы ұлттық және көркемдік ерекшеліктерін ашып көрсететін өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Бұл ретте К.Бейбітова, Н.Жуанышбеков, М.Маданова, т.б. зерттеушілердің еңбектері назар аудартады.

5. Қазіргі әуезовтану ғылымындағы тарихи-әлеуметтік контекст Д.Ысқақов, Д.Қамзабекұлы, Д.Қонаев, Ж.Тілепов, К.Оразаева, Н.Алдабек, Б.Толмачев, З.Жорабеков, Ш.Жарылғапов секілді зерттеушілердің ізденістерінде біршама жақсы ашып көрсетілген.

6. Қазіргі әуезовтану ғылымындағы этномәдени бағыт роман-эпопеяда көрініс тапқан қазақ халқының ұлттық өмірін, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, ұлттық мерекелерін зерттеу мәселелеріне арналған К.Биалиева, Г.Донскова, Р.Тұрысбек, Л.Қисамединова, Ж.Ахатов, Т.Демежанов, Р.Жайсақова, К.Ерғазиева сияқты зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қарастырылды. Бұл бағыттағы зерттеушілердің басты назары қазақ халқының өткен күнгі тарихындағы этникалық әлемі, наным-сенімі, қазақ дүниетанымы мен тұрмысы, халықтың этникалық мәдениетінің генезисі мәселелеріне аударылды.

7. Қазіргі әуезовтанудағы рухани-философиялық бағыт еліміздің белгілі философтары, мәдениеттанушылары, ұлттық өнер мен эстетика саласындағы танымал мамандардың еңбектерінде қарастырылды. Олардың арасында Б.Құндақбаев, Р.Ерғалиева, Ж.Ордалиева, Ғ.Есім, Д.Жарқымбаева сияқты ғалымдарды ерекше атап көрсеткен жөн. Олар өз зерттеулерінде М.О.Әуезовтің жазушы ретіндегі даму тарихын, оның идеялық-эстетикалық, философиялық ойларын, шығармаларындағы бас кейіпкерлердің моралін, өткен ғасырдағы қазақ халқының дүниетаным деңгейін, қазақ ұлттық сана-сезімінің өсуін, сондай-ақ жазушы шығармашылығы және тұлғасы мен кескіндеу өнерінің, графиканың, музыканың, мүсін өнерінің, театрдың байланыстарына үңілді, бұл ретте жазушы шығармаларының бүкіл көркемдік-философиялық және эстетикалық аясын қамтыды.

8. Қазіргі әуезовтану ғылымының психологиялық-педагогикалық аспектісі А.Тайжанов Ж.Әубәкірова, Ф.Оразбекова, Ғ.Отар, Х.Садықов сияқты ғалымдардың дәстүрлі және қазіргі тәрбие теориясы саласындағы еңбектерінде қарастырылды. Есімдері аталған зерттеушілердің бақылаулары бүкіл романның өн бойында халық танымының ауқымды этнопсихологиялық тұжырымдамасы жатқанын көрсетті. Роман қазіргі педагогика және тәрбие теориясымен айналысатын ғалымдар үшін баға жетпес қайнар бұлақ міндетін атқарады деп сеніммен айта аламыз.

9. Қазіргі әуезовтану ғылымының аса маңызды бағыттарының тағы бірі ретінде көркем аударма және әдеби компаративистиканы айтуға болады. Бұл айтылғандар М.О.Әуезов туындыларының түпнұсқасын басқа тілдердегі аудармаларымен салыстырмалы және текстологиялық зерттеуді, жазушының драматургиялық шығармаларының, повестерінің және әңгімелерінің аудармасы контекстіндегі қазіргі көркем аударманың шешімін күтіп тұрған теориялық проблемаларын шешуді, роман-эпопея және оның көркем аудармаларын ұлттық ерекшеліктің жаңғыруы тұрғысынан зерттеуді басшылыққа алады.

Қазіргі әуезовтану ғылымында ұлттық руханият және тәуелсіздік идеяларының қалыптасу тарихына, олардың қазіргі кездегі өзектіліне қатысты идеялар да алғышарт болады.

Жаңаша ұстанымдарды, алуан түрлі көзқарастарды, көптеген пікірлерді, жазушының көп қырлы әлеуметтік, публицистикалық, педагогикалық, ғылыми, аударма қызметін талдау қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымын сипаттаумен қатар, әуезовтанудың өзінің жаңаша жүйелеуге қажеттілік сезініп отырғанын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов З.А. *Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания*. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 254 с.

2. Қабдолов З. *Әуезов*. – Алматы: Санат, 1997. – 352 б.

3. Мырзахметұлы М. *Әуезов және Абай*. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 272 б.

4. Сағындықова Н. *Переводческое мастерство М.О. Ауэзова // Материалы второй международной научно-теоретической конференции «М. Ауэзов и мировая литература»*. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – С. 177-183.

5. Алтысбаев Қ. *Мұхтар Әуезов және аударма // Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті: Халықаралық ғыл.-теориялық конф. материалдары (қыркүйек, 2004 ж.)*. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – Б. 44-49.

10. Жұртбаев Т. *М.О. Әуезовтің шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі. филол. ғыл. докт. ... автореф.* – Алматы, 2000. – 56 б.